



**БҰЙРЫҚ**

*2022 ж. 23 бұйрық*  
Нұр-Сұлтан қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 68  
город Нур-Султан

**«М. Әуезов атындағы Оңтүстік  
Қазақстан университеті»  
коммерциялық емес акционерлік  
қоғамының Жарғысына өзгеріс енгізу  
туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 5-тармағына және 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2020 жылғы 4 маусымдағы № 348 бұйрығымен бекітілген «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына қоса беріліп отырған өзгеріс бекітілсін.

2. Қоғам:

- 1) тіркеуші органға Қоғамның Жарғысына өзгеріс енгізу туралы хабарлама жолдасын;
  - 2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.
3. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.  
4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



С. Нұрбек

Қазақстан Республикасының  
Ғылым және жоғары білім  
министрінің

2022 жылғы «23» қыркүйектен  
№ 68 бұйрығымен бекітілді

**«М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына енгізілетін өзгеріс**

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін 100% иелік ету және пайдалану құқығын жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі – Жалғыз акционер) болып табылады.

Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының өз құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарайды және шешімдер қабылдайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің келісімі бойынша қабылданатын шешімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының (Жалғыз акционердің) құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер дербес қабылдайды.».